

Д.З. Нурбаева*, З.О. Дукенбаева

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(E-mail: dina.nis01@gmail.com; dukenbaevazo@mail.ru)*

Ұзақбай Құлымбетов Қазақ АКСР Халық Комиссарлары кеңесі төрағасының орынбасары қызметінде

Қатпары қалың тарихтың кез келген дәуірінде халқының болашағы мен ертеңгі күні үшін өз өмірін сарп еткен тұлғалар аз болмады. Солардың бірі емес, бірегейі, өмірі қысқа болса да саналы ғұмырын ел мүддесіне жұмыс жасап, мұғалімдік қызметтен Қазақ КСР Орталық Атқару комитетінің төрағасы қызметіне дейін көтерілген тұлға — Ұзақбай Желдірбайұлы Құлымбетов болатын. Мақалада Қазақ АКСР Халық Комиссарлары Кеңесі төрағасының орынбасары ретінде атқарған қызметтері туралы айтылады. Бұл кезең Қазақстан тарихындағы аса ауыр жылдармен сәйкес. 1931-1933 жылдардағы ашаршылық қазақ халқын қалың құрсауға алған болатын. Зерттеу мұрағат құжаттарына сүйеніп жазылды. Мұрағатта сақталған мәліметтер Ұзақбай Құлымбетовтің сол кезеңде атқарған қызметі туралы көптеген ақпараттарға қол жеткізуге мүмкіндік берді. Зерттеу нәтижесі ретінде қазақ халқының болашағы үшін күрескер тұлғаның есімін халқы білуі тиіс. Қарапайым халықтың зардап шекпеуі үшін мемлекеттік саясаттың салиқалы болуын талап ету маңызды. Мемлекеттің тірегі — халық. Сондықтан да билік халықта болғанда ғана ел ертеңі үшін алаңдамай жарқын болашақ құра алады.

Кілт сөздер: Ұзақбай Құлымбетов, Халық Комиссарлары кеңесі, Қазақ АКСР-ы, Қазақ КСР-ы, ұжымдастыру салдары, ашаршылық.

Kipicne

1891 жылы Ақтөбе өңірінің Ырғыз уезі, Аманкөл болысында дүниеге келген Ұзақбай Құлымбетов сонда екі сыныптық орыс-қазақ училищесінде білім алған. Кейін 1912 жылы Ақтөбеде мұғалімдер даярлайтын училищесінде білімін жетілдіріп, Ырғыз және Торғай ауылдарында ұстаздық қызмет атқарған. 1919-1922 жылдары Ырғызда революциялық комитеттің төрағасы қызметін атқарумен саясатқа аяқ басқан. 1923 жылы Ақмола губерниялық атқару комитетінде төраға қызметінде болған. 1925-1937 жылдары Қазақ АКСР Халық шаруашылығы кеңесінің төрағасы, Қазақ өлкелік Ішкі және сыртқы сауда халық комиссары, Қазақ АКСР Халық Комиссарлар кеңесі төрағасының орынбасары қызметінде, кейін Қазақ Орталық Атқару комитетінің төрағасы қызметтерін атқарған. Республикадағы маңызы бар қызметтерде болған әрбір жылында өзінің қызметтік бабында халықтың мүддесіне қызмет жасауға тырысқан. Бүгінгі мақалада Ұзақбай Желдірбайұлы Құлымбетовтің Қазақ АКСР Халық Комиссарлары кеңесі төрағасының орынбасары қызметі туралы мұрағат материалдарына сүйене отыра айтатын боламыз.

Ұзақбай Құлымбетов ХХ ғасырдың 20-30-жылдары Қазақстанда жүргізілген социалистік өзгерістердің қызу қайнаған шағында қызмет атқарған. Атап айтатын болсақ, ұжымдастыру саясаты мен индустрияландыру жылдары, мәдени төңкеріс пен әкімшілік-аумақтық аудандастыру, әліпби реформасы кезінде, еліміздің астанасын Қызылордадан Алматыға көшіру және тағы да басқа саяси маңызы бар оқиғалардың басы-қасында жүрген.

Ұ. Құлымбетов еліміздің экономикасына нарықтық қатынастарды енгізуге жәрмеңкелердің орны маңызды екендігін жақсы біліп түсінген болатын. Сондықтан Темірде, Ойылда, Қояндыда, Қарқарада, Қызылорда мен Әулиеатада ұйымдастырылған жәрмеңкелердің қарқынды жұмыс жасауы үшін оны мемлекет тарапынан қолдауға мән берген. Жәрмеңкелік сауданың жандануы үшін жәрмеңкелерден алынатын алым-салық көлемін азайту, темір жол және су көлігінің тарифтерін төмендету, кеден ісін жетілдіруді алға қойған.

1927 жылдың 18 қаңтарында Ұзақбай Құлымбетовтің РСФСР-дің ХКК-не Қазақстан территориясындағы жәрмеңкелік сауданың қызметін жандандыру туралы хатында: «Қазақстан шаруашылығындағы өзіне тән ерекшеліктердің бірі жәрмеңкелер болып табылады. Жәрмеңкелер өз

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: dina.nis01@gmail.com

тарихының бастауын ерте кезден алады. Жәрмеңкелік сауда өлкенің экономикалық талаптарына сәйкес келетін тауар айырбастаудың бір әдісі ретінде қалыптасқан. Сонымен қатар қала мен ауыл арасындағы экономикалық байланыс үшін де тиімді.

Қазақстан өлкесіндегі жәрмеңкелік сауданың мемлекеттік маңыздылығын және оның болашақтағы қызметінің маңыздылығын болжай отыра, ККСР ХКК-сі ескі өлкелік жәрмеңкелердің үлгісінде 1927 жылдан бастап жәрмеңкелік сауданың дамуын заң жүзінде дамуын қолдайтындықтары туралы шешімге келді. Бұндай шешім соңғы уақыттардағы жәрмеңкелік сауданың қызметінің жүйелі үлгісіне негізделіп отыр. Жәрмеңкені жандандырып, ел экономикасын оңтайландыру мақсатында:

1. Жәрмеңкелі сауданы кез келген мемлекеттік және жергілікті алым-салықтан босатуды;
2. КСРО-ның барлық су және темір жолдарында жәрмеңкелік жүктеріне қолданыстағы тарифті 25 пайызға төмендетуді;
3. Қолданыстағы жәрмеңкелік жүктерді сақтандыру тарифін 20 пайызға төмендетуді;
4. Акцизделетін тауарларды жәрмеңкелерге жөнелтетін мекемелерге, кәсіпорындарға, тұлғаларға акциздік салықтарды жәрмеңке аумағында орналасқан қоймаларға аударуға және қоймалардан тауарлар шығарылған кезде акцизді төлеуге рұқсат беру туралы;
5. Бахтинск, Кузсунск, Хоргос, Атбашинск және Урянхайск кедендері арқылы Қоянды және Қарқара жәрмеңкелеріне тегін (лицензиясыз) және бажсыз өтуге;
6. Осы жәрмеңкелер, сондай-ақ осы жәрмеңкелерде сатып алынған КСРО өнімдері, экспорттауға тыйым салынған тауарларды қоспағанда Қытайдан, Моңғолиядан, Урянхан өлкесінен жеткізілетін және сатқан жерінде сатылмаған тауарларды Қоянды және Қарқара жәрмеңкелерінің жәрмеңке комитеттерінің сертификаттары бойынша 5-тармақта көрсетілген кеден органдары арқылы тегін (лицензиясыз) және бажсыз әкетуге ККСР ХКК-і РСФСР ХКК-нің алдында 1927 жылы Темір, Ойыл, Қоянды, Қарқаралы, Қызылорда және Әулиеата секілді өлкелік жәрмеңкелеріне осы жеңілдіктерді беруді сұрап жазған хатында Ұ. Құлымбетовтің экономикалық білімі мен тарихи білімінің бай екенін байқаймыз [1, 7-8].

Қазақ елінің тарихы мен салт-дәстүрін бойына сіңіріп өскен тұлға өзінің қызметі барысында жергілікті халықтың мүддесін алға қойып, шешім шығаруда соны басшылыққа алғандығын бірнеше құжаттарда қалған қолтанбасы дәлелдей түседі. Ұзақбай Құлымбетовтің ел экономикасын дамытуда жергілікті халықтың мүддесіне сәйкес келетін жолды көрсетуі, ел экономикасын жетілдіру ісінің халықтың мүддесімен астарласып кетуіне себепші болды.

Зерттеу әдістері

Мақалада мұрағаттық материалдар мен ашаршылық жылдарына арнап шығарылған еңбектерге талдау және синтез әдісі негізінде зерттеулер жасалынды. Мақала ғылыми жүйелілікке, салыстырмалы талдауға және тарихи принципке негізделген. Зерттеуді хронологиялық және тақырыптық саралауда методологиялық ғылыми әдістер қолданылды. Зерттеудің ғылыми принциптерін басшылыққа алып, мұрағаттық құжаттарға талдау жасалды.

Нәтижелері

Ұзақбай Құлымбетовтің 1927-1932 жылдардағы қызметі өлкедегі және партия орындарының асыра сілтеушілікпен өрескел қателіктерге жол берген уақытымен сәйкес келді. Өлкедегі асыра сілтеушіліктің салдарынан еліміздегі 40 миллионға жуық мал басы 10 есе кеміп кетті. Малмен күнелтіп келген қазақ халқы, алдындағы ішіп отырған асынан айырылып, дәстүрлі шаруашылығы құрдымға кетіп, бірнеше айдың ішінде босқынға айналып шыға келді.

1931-1933 жылдардағы ашаршылықтың зардаптарымен күресу барысында Ұзақбай Құлымбетов өзінің іскерлігімен көзге түсті. Аштық салдарынан өздерінің туған өлкелерін тастап, бас сауғалауға мәжбүр болған қазақ халқының жағдайын Орталыққа шырылдап жеткізумен болды. Қолында бар құзыреттілігін пайдалана отырып, аш халыққа пана болуға тырысты. Қазақстанның оңтүстігіне, Алматыға үдере көшкен халықтың жағдайын жасап, пана болуға, мүмкіндігінше халықты жұмысқа орналастырып, азық-түлікпен қамтамасыз ету жұмыстарын өзінің жеке қадағалауында ұстап отырған. Өз жұмыстарына салғырт қарап, бөлінген қаражатты халықтың жағдайын оңтайландыруға күш салмаған басшыларға жеке тапсырмалар беріп, тез арада жағдайды реттеуді тапсырған. Тапсырмаларының уақытылы орындалғанын жіті бақылауында ұстағандығын мұрағат беттеріндегі құжаттар дәлелдей түседі. Мысалы 1932 жылғы 28 қарашадағы Ұ. Құлымбетовтің Қарағанды облыстық атқару комитетіне көшіп келушілерді орналастыру шаралары туралы нұсқау хатында:

«Қолда бар мәліметтерге сүйенсек, Жаңаарқа өңіріне қоныс аударғандарды қоныстандыру мәселесі күні бүгінге дейін шешімін таппай, бұл ауданның экономикалық жағдайы өте шиеленісіп отыр. Жаңаарқа өңірінің жағдайын жақсартуға Облыстық атқару комитетінің қарауына мемлекеттен бөлінетін азық-түлік пен ақша ресурстары, ең жақсы жағдайда, елге оралғандардың елге оралу көшін толығымен жоюға және ақырындап оларды экономикалық тұрғыдан айтарлықтай реттеуге толық мүмкіндік береді. Бізде қазір бұлардың екеуі де жоқ.

Жоғарыда айтылған мән-жайларды ескере отырып, Халық комиссарлар кеңесі сізге шұғыл түрде ерекше қатаң шаралар қабылдауды, атап айтқанда, мемлекеттік азық-түлік пен бөлінген ақшалай қаражатты ұтымды бөлу арқылы өнеркәсіптік қор мен ақша ресурстарын босатуды арттыруды ұсынады. Сізге тапсырылған қаражатты және сондай-ақ аймақтағы басқа қаржы көздерін тауып, қаржыны жағдайды реттеу үшін пайдаланыңыз. Өз шараларыңыз туралы ағымдағы жылдың 10 желтоқсанынан кешіктірмей бізге телеграф арқылы хабарлаңыз» [2, 142].

Қазақстанда жүргізілген солақай саясаттың салдарынан өз жерлерін тастап кетуге мәжбүр болған халық еліміздегі индустрияландыру жақсы жүзеге асқан аймақтарға ағыла бастады. Олардың көбі қазақ ауылынан шыққан күнкөріс үшін өндіріс пен құрылыс орталықтарына ағылған болатын. Өндірісі өркендеген қалалар қатарында ел астанасы Алматы, халықтың жиі қоныс аударатын өңіріне айналды. Қалыптасқан жағдайлар қала халқының санының табиғи өсіммен емес, босқындар санынан өсуіне себепші болды. 1931-1937 жылдарда қалаларға жалпы саны 390 мың адам көшіп келген екен. Басқа халықты қоспағанда қазақтар 1926 жылы қала халқының 2 пайызын құраған болса, 1959 жылы 24,3 пайызын құраған екен. Ел астанасына босқан халықтың ағылуы Орталық комитетті алаңдатпай қоймады. Мұрағаттар деректерінде Алматы вокзалы маңында қайыр сұрауға мәжбүр болған халық туралы осындай құжаттар кездеседі.

1932 жылғы 15 желтоқсандағы Ұ. Құлымбетовтің Алматы облыстық атқару комитетіне көшіп келушілерге материалдық және азық-түлік көмек көрсету және оларды жұмысқа орналастыру туралы хатында: «Соңғы уақытта Алматы қаласы мен вокзалға және қалаға жақын аудандардан көшіп келушілердің белгілі бір ағыны байқалуда.

Бұл көшіп келушілерге Үкіметтің осыған байланысты бірнеше рет берген нұсқауына сәйкес оларды тезірек жұмысқа орналастыру мәселесінде уақтылы көмек көрсетілмеуі оларды қала аралап, бір үзім нан сұрауға мәжбүрлейді.

Осыны ескере отырып, Халық комиссарлар кеңесі Сізге қалыптасқан жағдайды жою шараларын дереу қабылдауды ұсынады, бұл үшін қалалық кеңестен көшіп келушілер жинақталған кезде оларды алдын-ала материалмен қамтамасыз ететін жауапты адам тағайындау қажет, сосын азық-түлікпен қамтамасыз етіп, КНК-Еңбекпен келісе отырып, оларды жұмысқа орналастыру керек. Бұл жұмысты жүргізу үшін қалалық мәслихатқа қалалық бюджеттен белгілі бір қаржы бөлу қажет.

Көшіп келушілерге алғашқы көмек көрсету үшін оларды жұмысқа орналастырмайынша, оларды қаладағы тиісті үйге апару керек, онда санитарлық тәртіп те сақталуы тиіс.

Өзіңіздің жүргізетін іс-шараларыңыз туралы 16 желтоқсаннан кешіктірмей маған хабарлауыңыз керек» [3, 35].

Ұзақбай Құлымбетовтің жеке тапсырмасымен Алматы көшелеріндегі жағдай реттеле бастаған. Көшіп келушілерге мүмкіндігінше жұмыстар ұсынылып, азық-түлік бойынша көмектер көрсетілді. Жан сауғалаған халық өлмесінің күнімен солтүстіктен оңтүстікке, шығыстан батысқа тағы да оңтайлы бағыттарда ағыла бастады. Көшу деп атау тек айтуға ғана жеңіл болғанымен, ол көштің артында қаншама қасірет пен қайғы, көш бойы халықтың көрген қорлығы мен зомбылығы жатыр. Көштің көшу тарихын көшті көзбен көріп, бастан өткергендердің естеліктерінен жинап том-том тарих жазуға болады. Әрбір адамның өмірі бір тарих болса, аласапыранда көшкен миллиондаған халықтың тағдыры, миллиондаған зары мен соры қайнаған қара халықтың қанмен жазылған тарихы болар еді.

1932 жылғы 19 желтоқсанда Ұ. Құлымбетовтың Батыс Қазақстан облыстық атқару комитетіне қайта оралушы қоныс аударушыларды өндірістік тауарлармен қамтамасыз ету туралы жеделхатында: «Сіздің аймағыңыз үшін қайта көшіп келушілерді қамтамасыз ету үшін жүз мың рубль көлемінде өндірістік тауарлар бөлінді.

Өңірлік жеткізу тізбегінен Қазсауда жүйелері арқылы тұтынушылық кооперацияны дереу жүзеге асыруды талап етіңіздер [4; 158].

1932 жылдың 28 желтоқсанында Ұ. Құлымбетовтің Оңтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетіне Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданынан қоныс аударушыларды жұмысқа орналастыру

туралы хатында: «Қарағанды облысының Жаңаарқа ауданынан қоныс аударған қазақтар Оңтүстік Қазақстан облысының шекарасына келуде. Бір өлкеден басқа аймақтарға ретсіз, мақсатсыз көшу өте жағымсыз салдарға әкеп соғуы мүмкін екенін ескере отырып, Халық комиссарлар кеңесі осының алдын алу үшін Сіздің өлкенізге келген қоныс аударушыларды қоныстандыру бойынша шұғыл шаралар қабылдауды ұсынады. Совхоздарға, жаңа құрылыстарға, сондай-ақ оларды азық-түлікпен қамтамасыз етуге және қажет болған жағдайда ХКК-не көмек көрсету туралы өтініштер беруді тапсырады. Өз шараларыңыз туралы Халық комиссарлар кеңесіне және жеке маған телеграф арқылы хабарлаңыз» [5, 148].

Қазақстанның солтүстік өңірлерінен оңтүстік өңірлеріне қоныс аударушылардың қатарын осы құжаттардан көреміз. Сонымен қатар, қиналған халық ел астанасы Алматы көшелерін жағалап қайыр сұрауға мәжбүр болғанын да көріп отырмыз. Осы халықтың жағдайын жасап, қолдан келгенше жәрдем көрсету үшін жауапты қызметкерлерді қатаң бақылауда ұстағандығын аңғарамыз. Дегенмен, 1931-1933 жылдардағы аштықтың салдары өте ауыр болғандығын тарихтан білеміз. Жанын сауғалап басқа елге көшіп кеткен халықтың да көші аз болмады. Олардың арасында қайтадан елге оралушылар да болғандығы белгілі. Ұ. Құлымбетовтің 1932 жылдың 28 желтоқсанындағы Қытайдан қоныс аударғандар туралы Алматы және Семей облыстық комитеттеріне жазған хатында: «Соңғы кездері Қытайға қоныс аударған қазақ, таранчин, дүнген халықтарының КСРО-ға оралуының артуы байқалады. Халық комиссарлар кеңесі 1932 жылы реэмигранттарды шаруашылық ұйымдастыру мәселесінде Сізге нақты не істегенін айтып беруіңізді сұрайды» [6; 149-150].

Елге қайта орала бастаған халыққа қолдау көрсетіп олардың елде қалуына жағдай жасауда да өзінің қызметін жасаған. Елге оралған азаматтардың жағдайын жасап, оларды жұмысқа орналастыру мәселесі де маңызды болатын. Қиын-қыстау заманда тарыдай шашылған қазақтың елге оралуға ниетті әрбір тұрғыны үшін күрескен қайраткер де Ұ. Құлымбетов болатын.

1933 жылдың 9 қаңтарындағы С. Гююдов пен Ұ. Құлымбетовтің Әулиеата аудандық комитетіне қоныс аударушыларға азық-түліктік көмек көрсетуге арналған қаражат туралы жеделхаты:

«Әулиеатаға Сарысу мен Жаңаарқадан келгендерге шұғыл түрде азық-түлік көмегін көрсету үшін Әулиеата мен Сарысу ауданына бөлінген азық-түлік көмегі есебінен үш мың пұт нан жұмсауға рұқсат етілді. Бұл жұмысты орындауды Сізге тапсырамыз. Жұмыс туралы арнайы есеп беру желісі бойынша жүргізілді» [7; 111].

Келесі маңызды хаттарының бірінде Ұзақбай Құлымбетов мемлекет қазынасынан бөлінген әрбір қаражатқа үлкен жауапкершілікпен және ұқыптылықпен қарайтынын аңғартады. Аймақтарға бөлінген әрбір қаражат пен азық-түліктің межелі нүктеге жетуін де назарда ұстаған. Оны келесі құжаттардан да көре аламыз:

1933 жылдың 14 қаңтарындағы Ұ. Құлымбетовтің Оңтүстік Қазақстан облыстық атқару комитеті С. Атрауовқа облысқа көшіп келушілерге азық-түлік көмегіне қаражат бөлу туралы хаты.

«3 қаңтардағы хатыңызды алдым, қойылған сұрақтарға жауап беріп жатырмын. 1932 жылдың 4-тоқсанында Сізге 15 мың пұт астық, ал 5 желтоқсанда қосымша 7500 пұт және біржолғы 2000 пұт берілді. Бұл Сіздің өлкенізде 1933 жылдың 2 ақпанына дейін алынған 5000 шаруашылықтың тұрақты контингентін қамтамасыз етті. 16250 пұт азық-түлік көмегі, бұл сіздің контингентіңізді ағымдағы жылдың 6 сәуіріне дейін қамтамасыз етеді. Осы уақыт ішінде сіздерге барлығы 40750 пұт азық-түлік көмектері шығарылды. 9 қаңтарда комиссия шешімімен Оңтүстік Қазақстан облысындағы контингент 1000 шаруа қожалығына ұлғайтылды. Осылайша, ұлғайтылған контингентті жеткізуге қабылданған шаруа қожалықтарының контингенті желтоқсанда 3000 пуд шығарылды. Барлығы осылайша сізге көрсетілген көмек — 43 750 фунт. Сонымен қатар, Әулиеата қаласына шоғырланған Сарысу мен Жаңаарқадан көшіп келушілерге шұғыл азық-түлік көмегін көрсету үшін Қарағандының қаражаты есебінен Өлкелік комитет пен Халық комиссарлар кеңесінің уәкілетті өкілі жолдас Жандосов 3000 пұт азық-түлік көмегін ұсынды...

Жоғарыда айтылғандарды хабарлай отырып, жоғарыда аталған нан, ақша, өндіріс тауарларының түбіртегін тез арада тексеруіңізді сұраймын.

Меніңше, бөлінген қаржы Сіздің аймағыңызда көші-қонды тоқтатуға үлкен мүмкіндік беріп отырған сияқты, ал мендегі ақпаратқа қарағанда, оңтүстік өңірде көші-қон тек тоқтап қана қойған жоқ, керісінше, көбейіп келеді. Осы бағыттағы жұмыстарыңызды жандандырып, уәденізді іс жүзінде орындауыңызды сұраймын [8, 101].

Пікірталас

Жоғарыда берілген мұрағат материалдарынан Қазақстанның әрбір өңіріне жіберілген азық-түлікпен берілген көмектің әрбірі туралы есеп алып, жеткілікті мөлшерде бөлінген азық-түлікті жеткізбей отырған басшыларға қатаң ескертулер жасап, дереу іс шараларға шақырып отырғандығын көріп отырмыз. Құжаттардан көріп отырғанымыздай, мемлекет тарапынан ашығушыларға қолдан келгенше жәрдем көрсетілуі тиіс болғанын көрсек те, кейбір қызметтегі тұлғалардың өз істеріне жауапкершілігінің аз болуы себебінен де жағдайдың ушығып кеткендігін аңғаруға болады. Бұл тек бірнеше құжаттар тізбесінен алынған ақпараттар, ал әлі де ашылмаған, қаралмаған құжаттар қаншама? Ол құжаттарда аштықтың салдарымен дұрыс жұмыс жасамаған жағдайларды көре алатындығымызға сенімді боламыз. Қай кезде де өз жұмысына бей-жай қарайтын адамдар кездесіп отырады, бірақ осындай сын сағатта өз қызметіне салғырттық таныту үлкен қасіретке әкелді емес пе? Халық жағдайын реттеудің орнына ушықтырып, қазақтың балалары мен қарияларын жер кездіріп, аштыққа душар болуға себепші болған адамдар өз жазасын алған да болар. Оның ауыр жазасын тарихтың өзі беріп отыр емес пе? Халық үшін сын сағатта үндемей, өзінің қызметтік мансабынан айырылып қалам деп емес, елімнің жағдайын қалай жақсартамын, қайтсем халық санын сақтап, әрбір қазаққа пана бола аламын деп соққан жүрегі бар азаматтар да аз болмады. Дегенмен, тарихта үлкен апат болған ашаршылық қаншама қазақтың өмірін алып кетті, қаншама боздақты атамекенінен айырды? Бәрі де бір саясаттың салдары емес пе еді? Әлемге тарыдай шашылған қазақтың саны өз атамекенінде аз халыққа айналды. Әлі күнге дейін қазақтың санын көбейту үшін күресіп келеміз, күресіп келеміз.

Мұрағат материалдарынан байқағанымыз, Ұ. Құлымбетовтің атына ашаршылық салдары бойынша жұмыстың оңды жасалмай отырғандығын айтқан шағым хаттар түсіп отырған. Халықтың үнін ести алған қайраткер дереу арада шағым түскен аймақтың басшыларына кемшіліктермен жұмыс жасау туралы да берген нұсқауларын да кездестіре аламыз. Солардың бірінде 1933 жылдың 15 қаңтарында оның Оңтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетіне батбаққаралықтарға азық-түлік көмек көрсету туралы телеграфтық нұсқауында:

«Қармақшы қаласындағы батбаққаралықтардың шағымы жалғасуда, ол азық-түлік көмегінің жеткіліксіздігінде, аудандық атқару комитеті тарапынан қандай да бір назардың жоқтығында болып отыр. Қармақшыға өзіңіз барыңыз, кінәлілерді жауапқа тартумен қатар, облыстық аудандық ұйыммен бірлесіп нақты көмек көрсетіңіз. Жоспар құрыңыз, жеке жауапты адамдарды бөліңіз» [9; 105].

Ұ. Құлымбетовтің басшылығымен талай панасыз қалған балалар пана тапты, күйсіз қалған балалар үкімет қарамағына алынған болатын. Аймақтарға көшіп келушілер арасында балаларға мүмкіндігінше жағдай жасау туралы нұсқаулар беріліп, олардың орындалуын жеке бақылауында ұстаған.

1933 жылы 23 қаңтардағы Ұ. Құлымбетовтің көшіп келушілердің балаларына жылы киім сатып алуға қаражат бөлу туралы КАССР ХКК отырысының хаттамасынан:

«Тыңдадық: Орта Еділ өлкесінің Илецк ауылының балалар үйінде орналасқан көшіп келуші казактардың балаларына жылы киім сатып алуға 25000 рубль бөлу туралы.

Олар қаулы етті: Орта Еділ өлкесінің Илецк ауылының балалар үйінде орналасқан көше балаларына жылы киім сатып алу үшін 1933 жылғы сметалық болжамдарға сәйкес балалар панасыздығымен күресу үшін 25000 рубль бөліңіз» [10, 10].

Зұлмат аштық қаншама ұрпақтың болашағына балта шапты. Еліміздің ертеңі болар қаншама жастар қыршынан қырылды. Мемлекет тарапынан қаншама көмектер бөлінсе де, аш-жалаңаш адамдар саны күннен-күнге көбейе берген болатын. Халыққа жасалған қастандық мемлекетіміздің болашағына деген сенімнен гөрі үрейді арттырды. Дегенмен әрбір қазақтың қара баласы үшін күрескен қайраткерлеріміз де аз емес.

Ұзақбай Құлымбетов 1931-1933 жылдардағы ашаршылық салдарымен күресуші болды. Ашаршылық салдарынан үдере көшкен халықты оңтайлы аймақтарға орналастырып, онсыз да саны аз халықтың басын аман сақтау жолында қызметтер атқарған болды. Ашаршылықтың салдарынан қазақ санының күрт азайып кеткендігі туралы деректерді Мұхамеджан Тынышпаевтың зерттеулерінен көре аламыз. Оның есебі бойынша: «Қазақстанда 1917 жылы 2 910 000 қазақ өмір сүрген, ал М.Г. Сирустың 1924 жылғы жүргізген санағы бойынша қазақтар саны 1 956 443 адамға әрең жеткен» [11, 260].

М. Тәтімовтің есебі бойынша «1931-1933 жылдардағы ашаршылық Қазақстанда өмір сүрген 2,5 млн адамның, соның ішінде 2,3 млн қазақтардың және 200 мың келімсектердің қайтыс болғаны анықталды. Отырықшы келімсектер арасында аштықтан өлгендер 10%-ға жетсе, көшпенді қазақтар арасында бұл көрсеткіш 52-53%-дан асып кеткен. Яғни жергілікті тұрғындардың 17-18%-ы Қазақстаннан біржола көшіп кеткен» деген мәліметтерді есепке алсақ, қазақ халқының саны осы кезеңде 70%-ға дейін кемігендігі көрінеді [12, 17].

Сонымен қатар М. Тәтімов: «1879, 1926, 1939 жылдардағы халық санағының нәтижелері жөніндегі мәліметтерді қолға түсіргенмін. Көзімнің жеткені — 1939 жылғы санақта қазақ халқының санын айтарлықтай асырып жазғандығын аңғардым. Сонда, озбыр саясат «орыс емес» ұлттарды аяусыз қырып-жойғандығын жасырып қалғысы келген», – деп пайымдаған болатын.

1879 жылғы санақта қазақтар 5 млн болса, арада 42 жыл өткен соң 1939 жылғы санақта қазақтар 2 млн. 300 мың болды. Яғни екі есе азайды. Осыған қарап отырып, 42 жылда қазақтар азамат соғысы, байларды кәмпескелеу, жаппай колхоздастыру, 1932–33 жылдардағы аштық, 1937–38 жылдардағы репрессия салдарынан миллиондаған адамынан айрылған деуге әбден болады. Осы екі санақ арасында орыстар – 30, өзбектер – 24, қырғыздар – 16 пайызға көбейсе; қазақтар – 22 пайызға, украиндықтар – 21 пайызға кеміген.

Ұзақбай Құлымбетов ашаршылық зардаптарымен күресу барсында: «Мен Өлкелік комитетінің хатшысы Ф. Голощекиннің республиканың мал шаруашылығын басқаруда нақтылы басшылық жасай алмауына, егіншілік аудандардың қолданыстағы әдістерін жиі мал шаруашылығы саласына қолданысқа енгізгеніне алғашқылардың бір болып қарсы шықсам да, Өлкелік комитеттің бюро мүшесі ретінде жіберілген қателіктерге жауап беремін». (1933 жыл, шілде). Болмаса «Мен өз рөлімді аппаратты «бүлдірушілер» қатарына қоспаймын» дей келе, «...осы кемшіліктер үшін Өлкелік комитеттің бұрынғы басшылары ғана емес, бүкіл Қазақстан партия ұйымы кінәлі. Бұл кемшіліктерді алдағы уақытта қайталамас үшін айырықша атап көрсетуіміз керек», – дейді.

Ф. Голощекин биліктен кеткеннен кейін Л.И. Мирзоян келген болатын. Ұ. Құлымбетов «коллективтендіру» мен тәркілеуден, ашаршылықтан кейін тұралап қалған ұлт мәдениетін көтеру жөнінде Мирзоянның алдында өз ұсыныстарын ұсынған. Осы жұмысты жүргізу үшін білікті мамандарды жұмысқа тарту керек екендігін атап өткен. Өзбекстанда жүрген Т. Жүргеновті елге шақыртып, ұлт мәдениетін көтеруді тапсырған. Т. Жүргенов бұл қызметті сапалы жүргізді.

1932 жылғы зұлматтың алғашқы нышандары көріне бастаған кез болатын. Аса сабырлы, әр істің соңын бақылайтын Ұ. Құлымбетов сол кездегі ұрдажық адамдардың әрекеттерімен келісе бермейтін. Әсіресе, ол бұрын-соңды қауымдасып, ортақ шаруашылық жасап білмеген қазақты бірден колхозға біріктіру қажет деген орталықтың ұсынысына түбегейлі қарсы болды. Дегенмен Орталық өз дегенін жасады, ол үшін қара халықпен де, халықтың жағдайымен етене таныс азаматтармен де ақылдаспастан, олардың қарсылықтарын құлаққа ілмей ойына келгендерін жасады. Ф.И. Голощекиннің қанқұйлы арамза саясатының салдарынан өмір бойы мал бағып, өз ауанымен көшіп-қонып, Табиғат-Анамен үндестікте өмір сүріп отырған қазақ халқының тыныштығын бір-ақ сәтте бұзды. Қазақ халқы бұрын-соңды тарихында көрмеген аласапыран күнге тап болып, қырғынға ұшырады. Ұзақбай Құлымбетов секілді ел азаматтары аш-жалаңаш қалған халқына қанатымен су сепкен қарлығаш секілді халықты сақтап қалу үшін Алматыда асхана ашып, халық үшін жан ұшыра қызмет жасады. Бұл халқы үшін жасаған жақсылықтары кейін өзіне тағылған айып болып тиерін де білмеген еді. Ол жазықсыз жаланың құрбаны болды.

Қорытынды

Қазақтың: «Тек жүрсең, тоқ жүресің, домаланып көп жүресің», – деген мақалдағыдай керісінше бос жүре алмаған, ел тағдыры сынға түскенде, елінің болашағы үшін талай қарсыластарға тап болған осындай азаматқа аяусыз жала жабылып, тағдырына зұлымдық жасалған болатын. Голощекиннің «шаш ал десе, бас алатын» қолшоқпарлары өздері жасаған қылмыстарын жасыру үшін ұжымдастыру кезіндегі бұрмалаушылықты сынға алған Ұзақбай Құлымбетовты және басқа да тұлғалардың көзін жоюға ат салысты.

Тағдыры қыршыннан қиылған асыл азаматтарымызды қайта тірілте алмайтынымыз анық, қателіктерді жоюға шама жоқ. Оны айта алу — болашақта осындай сорақы іс-әрекеттерге жол бермеудің жолы болып отыр. Қазақ елі үшін саналы ғұмырын сарп еткен азаматтарымыздың есімін құрметтеу бәрімізге міндет. Осы жағынан келгенде біздің ұрпақ Құлымбетовке борыштар. Құрметке лайықты абзал ағамыз халқы үшін шыбын жанын құрбан еткен, бар-жоғы қырық алты жыл ғұмыр

кешкен, өз жұртымен тарихтың небір тағдырын бірге кешкен, жақсы-жаманды бірге көрген, шын мәнінде, ірі ел басшысы болған Ұзақбай Құлымбетов әбден лайық.

Ұзақбай Желдірбайұлы Құлымбетов туралы қазіргі жас ұрпақ көп біле бермейді. Өзінің саналы ғұмырын елінің мүддесіне арнаған тұлғаның еңбегі мен ерлікке татырлық істері — жастар үшін үлгі болатыны шүбәсіз. Тұлғаның өмір жолы қазақ мемлекеттілігін нығайту, өндіріс пен әлеуметтік жағдайын арттыру, ғылым мен білімді жолға қою жолындағы күші мен жігері, ақылы мен қайраты, рухы оны өз заманындағы батылдықтың жарқын үлгісі ретінде таныта алды. Тарихымыздың мәнділігі мен мазмұнын арттыратын ол елін шын сүйіп, Отанына қалтқысыз қызмет жасаған Ұзақбай Құлымбетов секілді тұлғалар екендігін есте ұстауымыз керек.

Әдебиеттер тізімі

- 1 ҚР ОММ. — 196-қ. — 1-жазба. — 7-8 б.
- 2 ҚР ОММ. — 30-қ. — 7-жазба. — 115-іс. — 142 б.
- 3 ҚР ОММ. — 30-қ. — 7-жазба. — 150-іс. — 35 б.
- 4 ҚР ОММ. — 30-қ. — 7-жазба. — 146-іс. — 158 б.
- 5 ҚР ОММ. — 30-қ. — 7-жазба. — 150-іс. — 148 б.
- 6 ҚР ОММ. — 30-қ. — 7-жазба. — 150-іс. — 149-150 б.
- 7 ҚР ОММ. — 30-қ. — 8-жазба. — 12-іс. — 111 б.
- 8 ҚР ОММ. — 30-қ. — 8-жазба. — 12-іс. — 101 б.
- 9 ҚР ОММ. — 30-қ. — 8-жазба. — 12-іс. — 105 б.
- 10 ҚР ОММ. — 30-қ. — 7-жазба. — 178-іс. — 10 б.
- 11 Омарбеков Т. Қазақстан тарихының XX ғасырдағы өзекті мәселелері / Т. Омарбеков. — Алматы: Өнер, 2003. — 552 б.
- 12 Тәгімов М. Қазақ әлемі (Қазақтың саны қанша?) / М. Тәгімов. — Алматы: Атамұра, 1993. — 160 б.

Д.З. Нурбаева, З.О. Дукенбаева

Узақбай Кулымбетов в должности заместителя председателя Совета Народных Комиссаров Казахской АССР

В любую эпоху бурной истории было немало людей, которые прожили свою жизнь ради будущего своего народа. Одним из них был Кулымбетов Узакбай Желдирбаевич, который за свою сжизнь работал в интересах страны и с преподавательской должности вырос до председателя Центрального Исполнительного Комитета Казахской ССР. В статье исследована его деятельность в качестве заместителя председателя Совета Народных Комиссаров Казахской АССР. Этот период совпал с самыми тяжелыми годами в истории Казахстана. Голод 1931–1933 гг. поставил казахский народ в тупик. Это исследование было написано авторами на основе архивных документов, им удалось получить доступ ко многим сведениям о деятельности Узакбая Кулымбетова за эти годы. Как результат исследования, народ должен знать имя человека, борца за будущее казахского народа. Важно настаивать на том, чтобы государственная политика была взвешенной, чтобы не допустить жестокости в политике. Опора государства — народ. Поэтому только когда власть находится у народа, страна может созидать светлое будущее, не беспокоясь о завтрашнем дне.

Ключевые слова: Узакбай Кулымбетов, Совет Народных Комиссаров, Казахская АССР, Казахская ССР, последствия коллективизации, голод.

D.Z. Nurbayeva, Z.O. Dukenbayeva

Uzakbai Kulymbetov as Deputy Chairman of the Council of People's Commissars of the Kazakh ASSR

In any era of turbulent history, there were many people who lived their lives for the sake of the future of their people. One of them was Kulymbetov Uzakbai Zheldirbaevich, who during his lifetime worked in the interests of the country and rose from a teaching position to chairman of the Central Executive Committee of the Kazakh SSR. Today's topic tells about his work as deputy chairman of the Council of People's

Commissars of the Kazakh ASSR. This period coincided with the most difficult years in the history of Kazakhstan. The famine of 1931-1933 put the Kazakh people in a dead end. This study was written on the basis of archival documents. On the pages of the archive, it was possible to get access to many information about the activities of Uzakbai Kulymetov over the years. As a result of the research, the people should know the name of a person, a fighter for the future of the Kazakh people. It is important to insist that public policy be balanced in order to prevent cruelty in politics. The mainstay of the state is the people. Therefore, only when the power is in the people, the country can create a bright future without worrying about tomorrow.

Keywords: Uzakbai Kulymbetov, Council of People's Commissars, Kazakh ASSR, Kazakh SSR, consequences of collectivization, famine.

References

- 1 QR OMM [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. — F. 196. — I. 1. — P. 7-8 [in Kazakh].
- 2 QR OMM [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. — F. 30. — I. 7. — C. 115. — P. 142 [in Kazakh].
- 3 QR OMM [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. — F.30. — I. 7. — C. 150. — P. 35 [in Kazakh].
- 4 QR OMM [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. — F. 30. — I. 7. — C. 146. — P. 158 [in Kazakh].
- 5 QR OMM [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. — F. 30. — I. 7. — C. 150. — L. 148 [in Kazakh].
- 6 QR OMM [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. — F. 30. — I. 7. — C. 150. — L. 149-150 [in Kazakh].
- 7 QR OMM [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. — F. 30. — I. 8. — C. 12. — L. 111 [in Kazakh].
- 8 QR OMM [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. — F. 30. — I. 8. — C. 12. — L. 101 [in Kazakh].
- 9 QR OMM [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. — F. 30. — I. 8. — C. 12. — L. 105 [in Kazakh].
- 10 QR OMM [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. — F. 30. — I. 7. — C. 178. — L. 10 [in Kazakh].
- 11 Omarbekov, T. (2003). Qazakhstan tariqhynyn XX gasyrdagy ozekti maseleleri [Actual problems of the history of Kazakhstan in the 20th century]. Almaty: Oner [in Kazakh].
- 12 Tatimov, M. (1993). Qazaq alemi (Qazaqtyn sany qansha?) [The Kazakh world (How many Kazakhs are there?)]. Almaty: Atamura [in Kazakh].